

Қостанай облысы Денисов ауданы Тельман ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы № 29 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 сәуірде № 4557 болып тіркелді. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 23 шешімімен. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2022 жылғы 9 маусымдағы № 44 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 09.06.2022 № 44 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. Шешімінің тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 11.03.2020 № 23 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Денисов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Денисов ауданы Тельман ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Денисов ауданы Тельман ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қүшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының кезекті

тоғызыныш сессиясының төрағасы

Денисов аудандық

мәслихатының хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

В. Бездольный

А. Мұрзабаев

Қостанай облысы Денисов ауданы

Тельман ауылдық округінің әкімі

Н. Доспаев

Мәслихаттың

2014 жылғы 28 ақпандығы

№ 29 шешімімен бекітілген

## **Қостанай облысы Денисов ауданы Тельман ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Денисов ауданы Тельман ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес өзірленді және Тельман ауылдық округі ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Тельман ауылдық округінің аумағындағы ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

### **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Тельман ауылдық округінің әкімі шақырады.

Денисов ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге он шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Тельман ауылдық округі ауылдардың шегінде бөлек жиынды өткізуі Тельман ауылдық округінің әкімі үйымдастырады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихаттың 19.06.2015 № 64 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Тельман ауылдық округі ауылдардың қатысын отырган және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

**Ескеरту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 19.06.2015 № 64 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7. Бөлек жиынды Тельман ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Тельман ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін Тельман ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Денисов аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін Тельман ауылдық округі ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидасы негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Тельман ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың  
2014 жылғы 28 ақпандағы  
№ 29 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Денисов ауданы Тельман ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 11.03.2020 № 23 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Денисов ауданы Тельман ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Денисов ауданы Тельман ауылдық округінің Антоновка ауылының тұрғындары үшін	54
Қостанай облысы Денисов ауданы Тельман ауылдық округінің Алшан ауылының тұрғындары үшін	25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК